

Бекітемін: **А**

Көрніс: "Абай Құнанбайұлының дүниеге келуі" үзінді.

Мақсаты: Балабақша бүлдіршіндерін Абай атасының өмір баянын көрніс арқылы, оның шығармаларымен таныстыру.

Жүргізуші: Құрметті ата - аналар! Бүгінгі күні Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын тойлауға арналған шаралар басталып, әр өңірде тойланып жатыр. Бүгінгі күні бізде өз балабақшамызда балаларға арнап ата - аналарымыздың, ата - әжелеріміздің көмегімен алдарыңызға Абай атамыздың дүниеге келу кезінен көрніс ұсынғалы отырмыз.

Көрніс: "Абай Құнанбайұлының дүниеге келуі" деп аталады, үш бөлімнен тұрады: 1. Абайдың дүниеге келіп ат қою"

2. "Алғашқы балалық шағы"

3. Әке, ағаларының болжамы"

Видиотаспадан ескідегі қазақ өңірін тыңдап көре отырып көрністі тамашалау.

(Қазақтың киіз үйі ішінде Абайдың әжесі мен қыз келіншектер кішкентай нәрестенің қасында отырады)

Абайдың әжесі: - Уй айналайындарым ай, бөрекелді балдарым.

(деп жатқанда даладан бір жігіт кіреді)

Жігіт: - Аман есенсіңдерме?

Абайдың әжесі: - Саламатсың ба, айналайын!

Жігіт: - Баланың бауы берік, ғұмыры ұзақ болсын!

(отырғандарды бәрі)

----- **ӘУМИН!**-----

Абайдың әжесі: - Айналайын айтқаның келсін.

Жігіт: - Сіздерге құдеке қамдансын деп сәлем айтты.

Бүгін молда шақырып азан айттырып нәрестеге

Ибрахим деген ат қоймақшы дейді.

(Келіншектер тұрып кетеді, ерлер кіреді)

Әкесі Құнанбай: - Ал, молдеке баламның атын азан шақырып қойып беруді сізге ұсынамыз. (Әжесі баланы апарып береді)

Молда: - Азан шақырып сәбиге атын Ибрахим қояды.

II- "Алғашқы балалық шағы"

Абайдың әжесі: - Әлди әлди Абайым

Атқа жабу жабайын.

Алыста жүрген анаңды

Қайдан іздеп табайын.

Әлди әлди әлди

(Үлкен шайқарады)





Бекітемін: 91

Мақсаты; Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі ықпалын арттыру, балабақшаға позитивтік қатынасын қалыптастыру. Бала тәрбиесіне көңіл бөлу, тәжірибе алмасу, бір-бірімен сұхбаттасу.

Жүргізуші: "Ұяда не көрсен - ұшқанда соны ілесің" демекші, кішкентай бүлдіршіндер жүрегіне халқымыздың ең асыл құндылықтарын ұялата білу міндетінде балабақша мен ата-ана арасындағы байланыстың ерекше қызмет атқаратыны даусыз. Балабақшадағы ата-аналармен арадағы тығыз байланыстың нәтижесінде олар балабақша қызметіне сеніммен қарайды деп ойлаймын. Осы сенім мен ынтымақтастық балабақша жұмысына оң ықпал етеді. Бақшамызда өткізілетін мәдени - спорттық, танымдық шараларға ата-аналар белсене қатысады. Әр мерекеге ерекше дайындық жасалады. Тәрбиешілер әр баланың отбасындағы тыныс тіршілікпен танысуға мүдделі. Себебі отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыру арқылы баламен арадағы қарым-қатынас мәселесінен қойылады. Әр баланың жеке қабілеті, бейімділігі, іс-әрекеттері жөнінде тәрбиеші ата-аналарына айтып түсіндіріп, кеңеседі.

"Ата-анамен байланыс - жемістің қызмет негізі" атты бүгінгі дөңгелек үстел.

1. Кіріспе.

Тақырыпқа байланысты қысқаша әңгіме.

Отбасы-жақын туыстық қатынас. Үш ұрпақ; - ата, әке, бала.

1. Ата- әке: --ағайын арасының берекесі, ақылшысы.

2. Әке: - әулет басшысы, отбасы тірегі, қамқоршысы.

3. Ана: - отбасының ұйытқысы, берекесі, мейірімділік, шапағат көзі.

4. Бала: -әке - шешенің перзенті, ұрпағы, көз нұры, көңіл қуанышы.

5. Балабақша: - баланың отбасында алған тәрбиесін толықтырады, бағыт беріп отырады. Отбасымен бірлесіп болашақ ұрпақ тәрбиелейді.

Жүргізуші: - Ал, осымен келісесіздерме? Келісек тақырыпқа байланысты сұрақ - жауапқа көшейік:.

Сұрақ-жауап;

1. ХХІ ғасыр ата-аналары қандай болу керек?
2. Балабақшаға балаңызды не себептен алып келдіңіз?
3. Отбасы - алтын ұя, деген сөзді қалай түсінесіз?
4. Тәрбие - деген сөзді қалай түсінесіз?
5. Балаңызға қаншалықты уақыт бөлесіз?
6. Балабақшадан не күтесіз?
7. Бала тәрбиесіне отбасы мүшелерінен кім көп көңіл бөледі?
9. Балабақшаның қаншалықты қажеттілігі бар?
10. Тәрбиеші еңбегін қалай бағалайсыз?

Бекітемін: М

Тақырыбы : « **Мен және менің балам** »

Мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру.

Көрнекілігі: балалардың қолымен әр түрлі бұйымдардан жасалған заттар, суреттерден көрме, плакатқа жазылған бала тәрбиесі жөніндегі нақыл сөздер.

«Ата-ана өз баласын жанымен де, қанымен де сүйеді». (Б.Г.Белинский)

I Кіріспе сөз

Бүгінгі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе-бала тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Ата-ана үшін бала өмір жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы, келешек қызық көрсетер болашағы десек, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі болып табылады. Міне, сондықтан «ана-үйдің берекесі, бала үйдің мерекесі» дегендей ата-ана өз ұрпағын «адам, адамзат» деген атқа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Баланың жақсы тәрбие алып, жан-жақты болып өсуі отбасылық жағдайға байланысты.

Баланы жастан бақпасан,

Жамандықтан қақпасан.

Қадірден жүрдай қасқа боп

Кешкенің өмір босқа тек-дегендей баланың ыстық-суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Балаға білім беруде басты тұлға тәрбиеші болса, оны жалғастырушы ата-ана.

II. Қызығушылықты ояту тренині: «Сәлемдесу»

Топқа бөлу. Тренинг: «Үш түс-үш есік»

Үш столда сары, көк, қызыл үш түсті қағаз қойылады. Бұлар үш есік деп аталады. Тренинг қатысушылардан қай есікке кіретіндіктерін сұрайды. Әр қатысушы өзінің кіретін есігін пайымдайды. Жауабы төмендегіше:

Сары түс-өте әсершіл, сезімтал, көпшіл, ерік-күші мол, қайсар, түрлі идеяға толы жансыз. Бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайсыз. Баланың жетік дамуына барлық жағдай жасайсыз.

Қызыл түс-бірбеткей, мақсат-мұратыңыз үшін күреске дайынсыз. Балаға қатал талап қоясыз. Ескертулеріңізді баланың мүмкіндігінше жұмсартып жеткізіңіз.

Көк түс-аккөңіл, байқампаз, табиғатқа құмар адамсыз. Бала тәрбиесіне кей уақытта немқұрайлы қарайсыз. Балаңыздың оқу істерін жиі бақылауға алғаныңыз дұрыс деп кеңес береміз.

Сары түсті таңдағандар: «Ана» ойыны

Көк түсті таңдағандар: «Бала»

